

«Freedom Inside’26 қатысушыларына 3 000 000»

Арнайы ұсынысына қатысу ережесі

(бұдан әрі – «Ереже»)

«Freedom Inside’26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысын өткізу шарттары:

Арнайы ұсыныс «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталарын ұстаушылар арасында қолданылады.

2026 ж. 9 сәуірде Астана қ. өтетін Freedom Inside форумының шеңберінде форумға қатысу үшін тіркелген қатысушылар арасында кездейсоқ сандар генераторының (рандомайзер) көмегімен Арнайы ұсыныстың 6 (алты) жеңімпазы анықталады.

Осы Ереженің барлық талаптарын орындаған қатысушылар жеңімпаз болып танылады.

Әр жеңімпазға FRHC.USD шотына Freedom инвестициялық валютасында, бірақ 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде кешбэк есептеледі.

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. **Белсенді валюта** – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың мобильді қолданбасында іске қосылған Freedom инвестициялық валютасы (бағалы қағаздарды және одан туындыларды иеленуге, пайдалануға және билік етуге шектеулері бар мемлекеттік қызметкерлерге ҚР Ұлттық валютасы – теңгемен есептеледі).
- 1.2. **Арнайы ұсыныс** (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») – «Freedom Inside’26 қатысушыларына 3 000 000» ынталандыру шарасы.
- 1.3. **Арнайы ұсынысты** (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») **ұйымдастырушы «Фридом Банк Қазақстан»** – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы» немесе «Банк»), осы Арнайы ұсынысқа қатысатын төлем карталарын ресімдейтін және оларға қызмет көрсететін, сондай-ақ Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарға Төлемдерді (Freedom инвестициялық валютасындағы кешбэк түрінде) аударуды жүзеге асыратын банк. Орналасқан мекенжайы/пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 (A05E8Y2), Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 61А.
- 1.4. **Арнайы ұсыныстың операторы «Ticketon Events» (Тикетон Евентс) ЖШС** (бұдан әрі – «Оператор» немесе «Ticketon.kz»), іс-шараға қатысушыларды тіркеуді, қатысушылар базасын қалыптастыруды және ұтыс ойынына техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.
- 1.5. **Freedom Inside** – (бұдан әрі – «Форум»), 09.04.2026 ж. Астана қ. өтетін халықаралы форум. Форум арнайы ұсынысты өткізу алаңы болып табылады.
- 1.6. **Қатысушы** – Банк клиенті, Арнайы ұсыныстың 5-бөлімінің қатысу шарттарына сәйкес келетін жеке тұлға.
- 1.7. **Оператордың платформасы** – ticketon.kz сайты немесе Freedom SuperApp қолданбасы.
- 1.8. **Жеңімпаз** – Осы Ережеде белгіленген тәртіпте және оның шарттарына сәйкес жеңімпаз деп танылған Арнайы ұсынысқа қатысушы.
- 1.9. **Жүлде қорының сомасы** (бұдан әрі «Кешбэк») – Жеңімпазға FRHC.USD шотына Freedom инвестициялық валютасымен есептелетін ақшалай төлем.

2. ҰТЫС ОЙЫНЫН ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

2.1. Арнайы ұсыныстың қолданыс мерзімі: **2026 жылғы 09 сәуір Астана уақыты бойынша сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін.**

2.2. Жеңімпаздар 3 (үш) кезеңде анықталады (Есептік кезеңдер):

Кезең №	Есептік кезең (жеңімпаздарды анықтау уақыты)	Жеңімпаздар саны	Кешбэк сомасы
1-кезең	13:00-14:00	2	1 000 000 теңге (әр жеңімпазға 500 000 теңгеден)
2-кезең	15:00-16:00	2	1 000 000 теңге (әр жеңімпазға 500 000 теңгеден)
3-кезең	19:00-20:00	2	1 000 000 теңге (әр жеңімпазға 500 000 теңгеден)

2.3. Әр кезеңдегі жеңімпаздар саны – 2, кезеңдердің барлығы — 3, жеңімпаздардың жалпы саны – 6.

3. АРНАЙЫ ҰСЫНЫС ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӨЛЕМДЕР ҚОРЫ

- 3.1. Арнайы ұсыныс төлемдерінің жалпы сомасы Freedom инвестициялық валютасында 3 000 000 (үш миллион) теңгеден аспайды.
- 3.2. Бір Жеңімпазға берілетін төлем мөлшері Freedom инвестициялық валютасында 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайды.
- 3.3. Арнайы ұсынысқа қатысатын мемлекеттік қызметкерлер заңнаманың валюталық операцияларды және ақша қаражатын алуды реттейтін талаптарының сақталуына өз бетінше жауапкершілік алады.
- 3.4. ТКЖТС төлеу және өзге салық төлемдері бойынша міндеттеме Ұйымдастырушы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ тарапынан туындайды.

4. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ.

4.1. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыса алады:

- 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, іске қосылған валютасы бар «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем картасына ие, Форумға тіркеуден өткен және Арнайы ұсыныстың нәтижелерін жариялау сәтінде Форумға қатысқан, сондай-ақ осы Ереженің өзге талаптарын орындаған жеке тұлғалар.

4.2. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыспайды:

- нәтижелер жарияланған сәтте Форумда болмаған адамдар;
- осыған дейін кезеңдердің бірінде Freedom валютасында 500 000 теңге кешбәкті алған адамдар Арнайы ұсыныстың келесі кезеңдеріне қатыспайды;
- осы Ереженің 5-бөлімінде көрсетілген қатысу шарттарын орындамаған адамдар.

5. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСҚА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

5.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін төмендегілерді орындау қажет:

- Оператордың платформасында тіркелу/Форум басталғанға дейін (09.04.2026 дейін) Форумға билет сатып алу;
- Тіркеуден кейін қатысушыға **бірегей 16 таңбалы код** беріледі. Код бірегей болып табылады, электрондық билетте көрсетілген/ қатысушыға тіркеу кезінде көрсетілген ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы және / немесе электрондық поштаға PUSH-хабарлама арқылы жіберіледі;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың белсенді валютасы бар төлем картасына ие болу;
- Арнайы ұсыныстың нәтижелері жарияланған кезде Форумда болу.

6. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Оператор Арнайы ұсыныстың шарттарына сәйкес келетін барлық қатысушылардың базасын қалыптастырады.
- 6.2. Жеңімпаздарды анықтау бір күн ішінде үш кезеңмен жүзеге асырылады.
- 6.3. Оператор Жеңімпаздарды Форумда кездейсоқ сандар генераторын пайдаланып, қатысушының бірегей 16 таңбалы тіркеу коды бойынша анықтайды.
- 6.4. Жеңімпаз анықталғаннан кейін, әр кезеңнің бірінде жеңімпаз жеке басын растау және Келісім өтінішіне қол қою үшін Ұйымдастырушының немесе Оператордың өкіліне жүтінуге міндетті.
- 6.5. Жеңімпаз қатысу шарттарын сақтамаған жағдайда Ұйымдастырушы басқа жеңімпазды анықтауға құқылы.
- 6.6. Арнайы ұсыныстың кез келген кезеңінің біріне қатысқан, Арнайы ұсыныстың шарттарын толық орындаған, бірақ Жеңімпаз атанбаған адамдар Арнайы ұсыныстың қолданысы аяқталғанға дейін келесі кезеңдерге қатыса алады.
- 6.7. Кез келген кезеңнің бірінде Жеңімпаз болған қатысушы келесі кезеңдерге қатыса алмайды.
- 6.8. Жеңімпазды анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және Арнайы ұсыныстың барлық кезеңдерінде қайта қарауға жатпайды.

7. КЕШБӘК ЕСЕПТЕУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 7.1. Арнайы ұсыныстың шарттарын толық орындаған әрбір Жеңімпазға оны Жеңімпаз деп айқындаған сәттен бастап Freedom инвестициялық валютасы түрінде 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде кешбәк есептеледі.
- 7.2. Жеңімпаздың төлем картасы осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, кешбәкті есептеу 2026 жылғы 21 сәуірден кешіктірілмей жүзеге асырылады. Төлем картасы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, есептеу мерзімін Банк белгілейді, бірақ бұл мерзім 2026 жылғы 30 сәуірден кешіктірмей белгіленеді.
- 7.3. Кешбәк FRHC.USD арнайы шотына есептеледі.
- 7.4. Мемлекеттік қызметкерлер жүлдені ҚР Ұлттық валютасы – теңгемен алады.

8. АРНАЙЫ ҰСЫНЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- 8.1. Ақпарат кез келген жолмен, сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz/ сайтында және Форумға және оны өткізуге байланысты өзге алаңдарда таратылуы мүмкін.

9. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 9.1. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялай отырып, Арнайы ұсыныстың осы Ережесіне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
- 9.2. Арнайы ұсынысқа қатысу адамның осы Ережемен толық келіскенін білдіреді.
- 9.3. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 9.4. Банк кез келген уақытта осы Арнайы ұсыныстың күшін жоюға немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда оның шарттарын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.
- 9.5. Ұйымдастырушы Жеңімпаз болған адамдарға 7.2-тармақта көрсетілген мерзімде кешбәк есептеге міндетті.
- 9.6. Қатысушы осы Ережеге сәйкес Ұйымдастырушыдан Арнайы ұсыныс туралы ақпаратты талап етуге құқылы.
- 9.7. Ұйымдастырушының заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қатысушылардың дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
- 9.8. Арнайы ұсынысқа қатыса отырып, Қатысушылар Ұйымдастырушыға ерікті түрде берілген ақпаратты (оның ішінде олардың дербес деректерін) Ұйымдастырушының деректерді өндеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өндейтініне өз келісімін береді.
- 9.9. Ұйымдастырушы Қатысушылар алдында, соның ішінде Жеңімпаз болған адамдар алдында келесі жағдайларда жауапты болмайды:
 - қатысушыларды Ережемен, сондай-ақ жеңімпаздарды анықтау нәтижелерімен, соның ішінде Арнайы ұсыныс өткізу кезеңінде техникалық проблемалар нәтижесінде байланыс ұйымдарының кінәсінен таныстырмағаны үшін;
 - Ұйымдастырушының өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін және Ұйымдастырушының оларды орындауына мүмкіндік бермейтін су тасқыны, өрт, ереуілдер, жер сілкінісі немесе басқа табиғи факторларды қоса алғанда, форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы; жаппай эпидемия; мемлекеттік органдардың өкімдері және Ұйымдастырушыға тәуелді емес басқа объективті себептер;
 - қатысушылардың осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамауы (уақтылы орындамауы);
 - Арнайы ұсынысқа Қатысушылардың әрекеттері (әрекетсіздігі), сондай-ақ қателіктері үшін.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 10.1. Арнайы ұсынысқа қатысу фактісі барлық қатысушылардың осы Ережемен танысқанын және олармен толық келісетінін, сондай-ақ өздерін Жеңімпаз деп тану туралы жазбаша келісім бергенін білдіреді. Тиісті жазбаша келісім болмаған кезде клиент Жеңімпаз деп таныла алмайды және Ұйымдастырушы тиісті кешбәк сомасын есептей алмайды.
- 10.2. Қатысушылар кешбәк есептеу шарттары, тәртібі мен мерзімдеріне қатысты барлық мәселелер бойынша Ұйымдастырушының/Банктің salem@freedombank.kz электрондық поштасы арқылы немесе Банктің қолдау қызметіне 595 қысқа нөмірі бойынша қоңырау шалу, сондай-ақ сұрауларын +7 776 159 55 95 нөміріне жіберу арқылы байланыса алады.

«Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000»
Арнайы ұсынысына қатысу Ережесіне
№1 қосымша

**Банк құпиясын, дербес деректерді ашуға және ақпаратты
БАҚ-та орналастыруға келісім-өтініш (нысан)**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____мырзадан/ханымнан

ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері) _____

Осы арқылы мен, _____, Банк клиенттері арасындағы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) қолданыстағы Арнайы ұсынысына байланысты, Банктің «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша Арнайы ұсынысты ақпараттық және жарнамалық жариялау (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) мақсатында менің Банктің клиенті екенім, «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысына қатысқаным және жеңімпаз болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ менің өзге дербес деректерімді таратуға өзімнің сөзсіз және қайтарымсыз келісімімді беремін.

_____ (_____)
колы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері)

20__ ж. «____» _____

Өтініш-бас тарту (үлгі)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____мырзадан/ханымнан

ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері) _____

ӨТІНІШ

Мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ
(бұдан әрі – Банк) өткізетін «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысының шеңберінде
жеңімпаз болып табылатынымды, осы арқылы Freedom валютасында 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде
кешбэк есептеуден және Банктің осы Арнайы ұсынысы толық аяқталғанға дейін оның барлық кейінгі
кезеңдеріне одан әрі қатысудан бас тартқанымды растаймын. Ұйымдастырушыға – «Фридом Банк Қазақстан»
АҚ-қа қатысты ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)
колы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері)

20__ ж. «__» _____

**Суретті жариялауға және пайдалануға
КЕЛІСІМ (үлгі)**

Астана қ.

202__ ж. «__» _____

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері) _____

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа, БСН 090 740 019 001, **маған сыйақыны төлеусіз**, өзімнің жеке бейнемді (соның ішінде әлеуметтік желілердің аватарларын), сондай-ақ «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысына қатысудың шеңберінде келесі мақсаттарда жасалған және/немесе жасалатын сауалнамалардың, сұхбаттардың және өзге материалдардың нәтижелерін жариялауға (соның ішінде жариялау, көпшілікке көрсету немесе Интернет желісіне орналастыруды қоса алғанда, кез келген басқа тәсілмен) және одан әрі пайдалануға келісімді білдіремін:

- «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысының барысы, нәтижелері және жаңалықтары туралы баяндау, ақпарат беру,

- «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысының барысы және қатысу қорытындылары туралы бейнематериалдарды дайындау.

Мен осы келісімді қол қойылған күннен бастап қолданыс мерзіміне және «Freedom Inside'26 қатысушыларына 3 000 000» Арнайы ұсынысын өткізу аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл мерзімге бердім.

Мен өз Суреттерімді кез келген түрінде кейіннен пайдалануды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та қандай болса да қарсы міндеттемелердің, соның ішінде пайдалану туралы есептерді ұсыну бойынша міндеттемелердің немесе қандай болса да сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқпайтынымен келісемін.

Суреттер менің арыма және іскерлік беделіме нұқсан келтіретін тәсілдермен пайдаланылмауы тиіс.

_____ (_____)
колы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ЖСН (бейрезиденттер үшін – паспорт деректері)

20__ ж. «__» _____